



«8D01540 – Химия» білім беру бағдарламасы Педагогтің кәсіби стандартына, ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленді және Дублиндік дескрипторлармен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілді. Білім алушыларды білім беру бағдарламасына қабылдау бойынша талаптар Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында айқындалған.

«8D01540 – Химия» білім беру бағдарламасы жоғары оқу орнының түрін, білім алушылардың білім алу қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін бере отырып, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған мемлекеттік білім беру стандартын іске асыруды қамтамасыз етеді.

### 2020-2023 жылдарға арналған «8D01540 – Химия» білім беру бағдарламасын дамыту жоспары

№ п/п	Іс-шаралар	Орындау уақыты	Жауаптылар	Іске асыру механизмі
1	ББ әзірлеу және өзектендіру бойынша комиссия құру	2020 жыл қаңтар	ББ жетекшісі	Талқылауға жұмыс берушілерді тарту
2	ББ мазмұнын жаңарту және жетілдіру, оның ішінде қазіргі заманғы кәсіби құзыреттерді айқындайтын пәндер атауын өзгерту	Жыл сайын	ББ жетекшісі, практикаға жауаптылар	ББ отырысында талқылау
3	Оқытушылардың академиялық ұтқырлығын жыл сайын дамыту	2020-2023 жылдар	ПОҚ	- Шетел оқытушыларын дәріс оқуға шақыру - ПОҚ-ның басқа ЖОО-ларға шығуы
4	Академиялық ұтқырлықты жыл сайын дамыту	2020-2023 жылдар	Ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастыққа жауапты	Ішкі және сыртқы ұтқырлық
5	ПОҚ-ның грантық конкурстарға қатысуы, Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру	2020-2023 жылдар	ББ жетекшісі, ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастыққа жауапты	Қатысуға өтінім беру



6	Оқытудың барлық кезеңдерінде эксперимент жүргізу шеңберінде білім алушылардың дербес іздестіру-зерттеу қызметі үшін алғышарттар жасау	Оқудың барлық кезеңі	ПОҚ	Зерттеудегі іздеу-зерттеу және эксперименттік жұмыстар өткізуді білім беру бағдарламаларына қосу
7	Диссертацияның өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарын таңдау кезінде ПОҚ студенттерге кеңес беруі	Жыл сайын	Диссертация жетекшілері	Жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, дипломдық жұмыстардың өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарының тізімін жасау
8	Бірлескен ғылыми зерттеулерді іске асыру және оқу-әдістемелік әдебиетті басып шығару мақсатында шетелдік әріптестермен байланысты жандандыру	Оқудың барлық кезеңі	ББ жетекшісі, ғылыми жұмыс пен халықаралық ынтымақтастыққа жауапты	Ынтымақтастық туралы шарттар жасасу
9	Білім алушылардың кәсіптік және басқа да практикадан өтуін қамтамасыз ету	Оқудың барлық кезеңі	Практикаға жауаптылар	Келісімшарттар жасасу
10	ПОҚ біліктілігін, дәрежелілігін арттыру	2020-2023 жылдары	ББ жетекшісі	Докторантурада оқу, тағылымдамадан өту және ғылыми дәрежесі бар оқытушыларды тарту

ББ басшысы



Р. Муканова